



БҰЙРЫҚ

19-10-2022 ж.

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 360

город Караганда

**«Техно-групп» ЖШС
банкроттық басқарушысын
шеттету туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 12-бабының 7-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, «Техно-групп» ЖШС 2022 жылғы 10 қазандағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Техно-групп» ЖШС БСН 050240011734, банкроттық басқарушысы Асылбек Агжигитович Бигельдин мүлікті және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Асылбек Агжигитович Бигельдинге борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілген құжаттарын, барлық мүлкін (активтерін), сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Канат Муратович Ахметбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

А. Мадиев